

**ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ  
«ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ  
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ» КМҚК**

**БЕКІТЕМІН**

**«Қарағанды облысында  
білім беруді дамытудың  
оқу-әдістемелік орталығы»  
КМҚК директоры**

**Б.Х.Абдикерова**

**2023 ж.**



**«ТҰМАР» ҚЫЗДАР КЛУБЫ  
ЖОБАСЫ**

## «ТҰМАР» ҚЫЗДАР КЛУБЫНЫҢ ЖОБАСЫ

ҚҰРЫЛЫМЫ	МАЗМҰНЫ
Жоба атауы	«Тұмар» қыздар клубы
Жоба үйлестірушісі	Абдикерова Бакиткул Хималдиновна, «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК директоры
Жобаны ұйымдастырушы	«Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК
Жобаны әзірлеушілер	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Рахметова Салтанат Бейбитовна, «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК әдіскері;</li> <li>- Қусайнова Алмагуль Шаметовна, Теміртау қаласы «Қыздар гимназиясы» КММ директоры.</li> </ul>
Арнайы жобаның мақсатты аудиториясы	Педагогтер, ата-аналар, 1-11 сынып оқушылары
Жобаның типтік ерекшеліктері	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қатысушылар саны бойынша: топтық</li> <li>- ұзақтығы бойынша, ұзақ мерзімді</li> <li>- бейінділігі бойынша: монопроект</li> <li>- үйлестіру сипаты бойынша: ашық</li> <li>- байланыс деңгейі бойынша: облыстық</li> </ul>
Жобаның өзектілігі	<p>Қазақ халқы «Қыз өссе-елдің көркі» - дегендей еліміздің сәні, көркі қыз балаға деген құрметі ежелден ерекше болған. Қызды төрге шығарып, төреңдей күткен, құрметтеп, аялаған. Қыз баланың тәрбиесі отбасына да үлкен сын. Қыз баланың әдептілігі сөйлеген сөзінен, қылығынан, ісінен, мінез-құлқынан, қоғамдық ортада өзін-өзі ұстай білуінен, таныстары мен жолдастарымен қарым-қатынасынан, жалпы барлық жүріс-тұрысынан көріп тұрады. Қыздың бойындағы ізеттілік, көргенділік нәресте кезінен ана сүтімен бойына сіңген. Қатты күлмеу, айқалап сөйлемей, үлкеннің жолын кеспеу, ыдыс-аяқты сылдыратпау, алдымен кіріп, артымен шығу, есікті теуіп ашпау, босағаны кермеу, үлкендерден жоғары отырмау тәрізді тіпті қыз баланың отырысына, жүрісіне, киім киісіне, дауыс ырғағына дейін мән берілді.</p> <p>Қыз балалардың ата-анасына айта алмайтын сырларымен бөлісу, қыздар арасындағы құқықбұзушылық пен репродуктивті мәселелерін қарастырып, денсаулық сақтау, педагог-психолог мамандары, әлеуметтік педагогтер тарапынан кеңес беру, көмек көрсету.</p>
Жобаның мақсаты	Жасөспірім қыздардың өзін-өзі тұлға ретінде дамытуға, салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруға, ұлттық құндылық пен парасатты, ұлттық салт-дәстүр мен мәдениетті дәріптеуге тәрбиелеу.



<p><b>Жобаның негізгі міндеттері</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.</li> <li>- Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.</li> <li>- Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.</li> <li>- Жасөспірімдерде белсенді өмірлік ұстанымды, өзін-өзі басқару дағдыларын, командалық өзара әрекеттесуді қалыптастыру.</li> </ul> <p>Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.</p>
<p><b>Күтілетін нәтиже</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.</li> <li>- Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.</li> <li>- Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.</li> <li>- Белсенді өмір салтын ұстанады, командалық қарым-қатынас дағдыларын меңгереді.</li> <li>- Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.</li> </ul>
<p><b>Жобаны іске асыру тетіктері</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- білім беру ұйымдарының қамқоршылық кеңестері, ата-аналар комитеті, құқық қорғау және денсаулық сақтау органдары, медиация қызметі, психолог мамандары, жастар және қоғамдық ұйымымен серіктестікті кеңейту және нығайту, бірлескен жұмыстар жүргізу;</li> <li>- БАҚ-да қыз тәрбиесі мен, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа қатысты іс-шараларды кеңінен насихаттау жұмыстарын жүргізу;</li> <li>- қыз балаларға арналған ұлттық тәрбиеден көрініс беретін заманауи бейнероликтер, подкасттар, әлеуметтік желіде челленджер, мақалалар мен танымдық посттарды жүйелі жариялау;</li> <li>- білім беру ұйымдарының басылымдарында, газет-журналдардың бір бетін жүйелі түрде қыз балалардың жетістіктеріне арнау.</li> </ul>
<p><b>Жобаны насихаттау жұмыстары</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қыздар клубы жобасын жүзеге асыру барысы туралы ақпараттарды жергілікті, облыстық, республикалық БАҚ, әлеуметтік желілерге жариялануын қамтамасыз ету;</li> <li>- қыз балалардың бойына қазақтың ұлттық әдеп-ғұрыпы мен</li> </ul>

	<p>салт - дәстүрлерін сіңіре отырып, қол өнер, құрақ көрпе тігу, ас дайындап, тәттілер пісіру және іс-шаралар жөніндегі материалдарды орналастыру үшін ОӘО сайтында арнайы парақша ашу;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- білім беру ұйымдарында жобаны жүзеге асыру аясында атқарылған жұмыстарды сараптау;</li> <li>- білім беру, мәдениет, денсаулық және т.б. саласының өнегелі әжелермен кездесу ұйымдастырып, сұхбат алу;</li> <li>- бала тәрбиесіне арналған салт-дәстүр білгірлері, ұлттық құндылықты дәріптеп жүрген жандарды көпшілікке үлгі ретінде насихаттау.</li> </ul>
<p><b>Жобада ұйымдастырылуы тиіс іс-шаралар</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Отбасылық оқыту құндылықтары» тақырыбында дөңгелек үстел;</li> <li>- «Асыл аналар ізімен» тақырыбында білім беру, денсаулық, мәдениет және т.б. саласының үздік аналар және арулармен кездесу кештері;</li> <li>- «Қыздың жолы жіңішке» құқық қорғау, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және психолог мамандарының қатысуымен онлайн диалог алаңы;</li> <li>- «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Сегіз қырлы, бір сырлы» тақырыбында буккросинг, көрмелер;</li> <li>- «Қызға қырық үйден тию», «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі», «Қазақстандағы гендерлік теңдік» тақырында Q-talks дөңгелек үстел, нетворкинг, семинар;</li> <li>- «Қыз аруы», «Асыл жандар» тақырыптарында байқау, сайыстар;</li> <li>- «Қыз бала-ұлттың ұясы», «Қыз қылығымен ...» қолымен кілем тоқу, тамақ пісіру, сән үлгісі, бұйымдар жасау шеберлік сағаттарын көрсетуден тренингтер;</li> <li>- «Қыздың көркі – шаш», «Бетті дұрыс күту тәртібі», «Адам көркі-шүберек» тақырыптарында сән әлемінің мамандарымен кездесу;</li> <li>- «Отбасы-тәрбие көзі» тақырыбында форум өткізу;</li> <li>- «Инжу-маржан» шешендік өнер, қаламгер қыздар клубын ұйымдастыру;</li> <li>- Жазғы мектеп аясында «Ана тілінің құдіреті» шеберлік сыныптар.</li> </ul>
<p><b>Жобаға енген пилоттық мектептер</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- «№2 БИЛ» ММЛИ» КММ</li> <li>- «Озат» ММИЛ» КММ</li> <li>- Қарағанды қаласының «№18 жалпы білім беретін мектебі» КММ</li> <li>- Қарағанды қаласының «№12 жалпы білім беретін мектебі» КММ</li> <li>- Қарағанды қаласының «№45 гимназиясы» КММ</li> <li>- Балқаш қаласының «№3 жалпы білім беретін мектебі» КММ</li> <li>- Теміртау қаласының «Қыздар гимназиясы» КММ</li> <li>- Саран қаласының «№7 мектеп-интернаты» КММ</li> <li>- Саран қаласының «Балалар өнер мектебі» КММ</li> </ul>



	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Шахтинск қаласының «№7 жалпы білім беретін мектебі» КММ</li> <li>- Приозерск қаласының «№1 жалпы білім беретін мектебі» КММ</li> <li>- Абай ауданының «№9 жалпы білім беретін мектебі» КММ</li> <li>- Ақтоғай ауданының «Сарышаған мектеп интернаты» КММ</li> <li>- Бұқар жырау ауданының «Үштөбе жалпы білім беретін мектебі» КММ</li> <li>- Қарқаралы ауданының «Қарағайлы кенті №17 жалпы білім беретін мектебі» КММ</li> <li>- Нұра ауданының «К.Мыңбаев атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ</li> <li>- Осакаров ауданының «№1 жалпы білім беретін мектебі» КММ</li> <li>- Шет ауданының «Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейі» КММ</li> </ul>
<p><b>Жобаны іске асыру кезендері</b></p>	<p><b>I. Дайындық кезеңі:</b> ақпан-қыркүйек 2023ж. Жобаны жүзеге асыру шарттарын бағалау. Жобаны бағалау өлшемшарттарын әзірлеу.</p> <p>1.1. «Тұмар» қыздар клубы жобасын әзірлеу, талқылау және бекіту.</p> <p>1.2. Жобаны іске асыру бойынша іс – шаралар жоспарын әзірлеу, бекіту.</p> <p>1.3. Жобаға қатысушылар үшін іс-шаралар (вебинар, нетворкинг, шығармашылық кездесу кештері, тренингтер, шеберлік сағаттар және т.б.) өткізу.</p> <p>1.4. Жобаны жүзеге асыру мониторингін өткізу.</p> <p><b>II. Қалыптастырушы кезең:</b> қыркүйек-желтоқсан 2023 ж, 2024-2025 оқу жылы. Жобаны жүзеге асыру.</p> <p>2.1. Қыз балаларға ұлттық құндылыққа негізделген тәлім-тәрбие беру берудің тиімді түрлері мен әдістерін таңдау.</p> <p>2.2. Білім беру ұйымдарының қамқоршылық кеңестері, ата-аналар комитеті, құқық қорғау және денсаулық сақтау органдары, медиация қызметі, психолог мамандары, жастар және қоғамдық ұйымымен серіктестікті кеңейту және нығайту, бірлескен жұмыстар жүргізу.</p> <p>2.3. Білім беру ұйымдары «Тұмар» қыздар клубы жобасын жүзеге асыру жұмыстарының жүйелі түрде ұйымдастыруына қамтамасыз ету, қадағалау.</p> <p>2.4. Жобаны іске асыру мониторингін жүргізу, сараптамалық талдау жасау.</p> <p>2.5. Жобаны жүзеге асыру бағытында іс-шаралар (дөңгелек үстел, вебинар, нетворкинг, шығармашылық кездесу кештері, тренингтер, шеберлік сағаттар және т.б.) өткізу.</p> <p><b>III. Қорытынды кезең:</b> 2026 жылы</p>

Жобаны жүзеге асыру нәтижелерін талдау.

3.1. Жобаны жүзеге асыру нәтижелерінің сапалық және сандық талдауы.

3.2. Жобаны жүзеге асыру аясында жүйелі тәрбие жұмыстарын жүргізген білім беру ұйымдарына сараптамалық талдау жүргізу.

3.3. Жобаны жүзеге асыру аясында жеткен жетістіктерін талдау, одан әрі жұмыс істеу перспективаларын анықтау.

3.4. Жоба аясында өткізілген іс-шаралар бойынша әдістемелік өнімдер шығару.